«БЕКІТЕМІН»
Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей КММ-нің директоры
_____ Ж.Б.Дуйсенбаев

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық

1. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы нұсқаулық осы қағидалардың талаптары негізінде, мектеп ғимаратының өрт қауіптілігі ерекшелігін негізге ала отырып әзірленген.

2. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтарда төмендегі мәселелерді көрсетілген:

1) мектеп ғимаратының, оның ішінде эвакуациялау жолдарын күтіп ұстау;

2) жабдықты пайдалану және өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық процестердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау;

4) жұмыс аяқталғаннан кейін мектеп ғимаратындағы кабинеттерді, сыныптарды қарап тексеру және жабу;

5) темекі шегу, ашық отты қолдану және от және өзге де өрт қауіпті

6) жанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау және жою, арнайы киім-кешекті ұстау және сақтау;

7) мектеп ғимаратында бір мезгілде болатын шикізат, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің рұқсат етілген мөлшері;

8) ауытқуы өрттің немесе жарылыстың шығуына әкелуі мүмкін бақылау-өлшеу аспаптарының шекті көрсеткіштері (манометрлер, термометрлер).

Өрт кезінде персоналдың іс-әрекеттері, оның ішінде:

1) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру;

2) технологиялық құрал-жабдықты авариялық тоқтату;

3) желдеткіш пен электр жабдықтарын ажырату;

4) өрт сөндіру құралдары мен өрт автоматикасын пайдалану;

5) адамдарды, жанғыш заттар мен материалдық құндылықтарды эвакуациялау;

6) кәсіпорынның барлық үй-жайларын қарап тексеру және жарылыс-өрт қауіпсіз күйіне келтіру.

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары **Е.Жоргатаев**